

АҚМЕШІТ

Жаннат қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.



Магжан



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

ЖАСТАРАҒЫ

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 11 (496)
16 наурыз, 2023 жыл

Ел ішін елеңдеткен жаңалықтарды жасайтын басты кейіпкерлердің айналамызда жүргенін байқамай қаламыз. Әлемді мойындатып, жүздеген оралса ғана «Қазақстанда жасалған» немесе «міне, қазақтың баласы» деп жататынымыз бар.



Соңғы уақытта әлеуметтік желіде жұрттың, нақтырақ айтсақ, Louis Vuitton брендінің назарын аударған Айнұр Пولاتова – ұлттық ойындарды қайта жаңғыртуды өзіне мақсат еткен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты.

Айнұрдың «Талараі» атты стартап жобасы туралы жиі айтылып жүр. Стартап жобаның ерекшелігі неде? Әлемге әйгілі бренд қазақ қызының қолынан шыққан дүниеге не үшін қызықты? Филология факультетінде оқитын Айнұрдың айтуынша, «Бес тас», «Құмар», «Ағаш үй» бестемшесі, «Тұмар» бестемшесі, «Тоғыз-құмалақ» секілді бес ұлттық

ойынды кіргізген Жоба рәсіммен көрген адамды таңғалдырмай қоймайды. Әсіресе, сөмке тәрізді ағаштан жасалған, сыртында оюы бар қорабына қызықпау мүмкін емес. Мұны әлемдік деңгейге шығарғысы келген 22 жастағы Айнұр былтыр Швейцария тауларының етегінде киіз үй стилінде бутик ашқан әйгілі Louis Vuitton-ға хат жолдаған. Сән үйіндегілер де бұл жобаға таң-тамаша болса керек, екі

аптадан соң жауап жазып, Парижде кездесіп, ақылдасуға шақырған.

Киіз үй пішініндегі сөмке жасау туралы ұсынысын әлемге әйгілі брендтердің бірі қолдап, дизайнын талқылау үшін сәуір айында Парижде аттанатын ару: «Әлеуметтік желідегі жарнамада Louis Vuitton-ның қазақтың киіз үйіне ұқсайтын дүкен ашқанын көрдім. Мені қызықтырғаны сонша, компанияға хат жазып, киіз үй пішінінде сөмке жасауды ұсындым. Өзімнің ұлттық ойындарды дамыту мақсатында «Талараі» жобасын жүзеге асырып жатқанымызды, олардың сыртқы қорапшасының пішіні ата-бабаларымыздың көшпелілер мекеніне ұқсайтынын айттым. Бұл дизайнды өзім жасап шықтым», – дейді.

Ақтөбелік кейіпкеріміз дизайн мамандығын кәсіби түрде оқымаған. Биыл ЕҰУ академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Германияда, Франкфурт Гёте университетінде оқиды. – Қазір ЕҰУ-да магистратураның 1-курсанда оқимын. Өз басым бір орында отырмайтын адаммын. Үнемі бірденені зерттеп, қарап жүруім керек. Іске асырғым келетін идея жетерлік. Ал жоба туралы идея биыл тамыз айының соңында туындады. Бізде не көп, шетелдік ойындары көп. «Ал сол ойындардың орнын алмастыратын қазақы дүние

бар ма?» деген сұрақ маза бермеді. Әу баста ойыма қорапшадағы асықтар келді. Бірақ оны немен байланыстыратынымды білмей, бас қатырдым. Сосын Астанада ұлттық академиялық кітапханадан бастап өзге кітапханаларды аралап, ұлттық ойындарымыз туралы еңбектер мен энциклопедияларды ақтардым. Олардың арасынан үстел ойынына келеді-ау дегенін теріп алдым. Ережелерін өзара салыстырдым. Белгілі этнографтардың пікірін оқыдым. Сөйтіп бар тапқанымызды бір жүйеге келтірдім. Бастапқыда бұл жобаға жеті ойын кіріктіремін деп жоспарлаған едім, бірақ қаражат тапшылығына байланысты бес ойын ғана енгізіме тура келді.

Шынымыз айтқанда, жобаға 1 миллионнан да көп қаржы жұмсадым. Бұл туралы ата-анам білген жоқ. Айналадағы бір-екі адам ғана білді. Бұл – мен ойлап тапқан ойын түрі емес, халықтың ойыны. Дизайн құрастыру, қайта жаңғырту жағынан үлесім бар шығар. Бірақ ұмыт бола бастаған ұлттық ойындарды халық назарына шығаруды көздеген менде көпшіліктің көңілінен шықса екен деген ниет басым болғандықтан, өзірлеп жатқан дүниенің сапалы болғанын қаладым, – дейді ару.

Аделина
МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ



ТАМАЙДАҒЫ
ТАМСАҒАҒЫРҒАҒЫ
«ТАЛАРАҒА»

№10 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Төлеген Бауыржан Төлегенұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Төлеген Бауыржан Төлегенұлы 1984 жылы 13 қаңтарда Қызылорда қаласында дүниеге келдім. 2001 жылы Қызылорда қаласындағы №43 қазақ орта мектебін бітіріп, жоғары білім алу үшін М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясына түстім. 2008 жылы аталған оқу орнын «Жалпы тәжірибелі дәрігер» мамандығы бойынша тәмамдадым. Еңбек жолындағы алғашқы тәжірибемді 2008 жылы №6

Қызылорда қалалық емханасының жалпы тәжірибелі дәрігері қызметінен бастадым. 2009 жылы Қызылорда қалалық ауруханасының травматология бекетінің дәрігері ретінде қабылданып, 2012 жылдан бастап аталған травматологиялық бекеттің меңгерушісі қызметіне тағайындалып жұмыс атқардым. 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ШЖҚ МКҚ Қызылорда қалалық ауруханасының бас дәрігері лауазымына тағайындалып, аққалатты абзал жан ретінде адам жаны мен денсаулығы үшін араша болу мақсатын жалғастыра бердім. Ал қазіргі таңда «Көп бейінді қалалық ауруханасының» бас дәрігері қызметін атқарып келемін. Отбасылымын, екі ұл мен бір қыздың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Қадірменді жерлестер!

Жаңа Қазақстанды құру – бір күндік ғана процесс емес, ол ұлт ретінде, мемлекет ретінде кешенді жоспарды қамтитын

ауқымды іс-шаралар тізбегін құрайды. Қоғам бір күнде жаңарып, өзгеріп кетпейді. Азаматтардың белсенділік танытып, саяси науқанға қатысуы ел болашағына деген сенімінің белгісі. Олар болашақтан үміт күтеді және сол өзгерістердің болуына мүдделі болғандықтан өздерінің азаматтық позициясын білдіреді.

Осы орайда алдағы сайлауда қалалық мәслихат депутаттығына кандидатурамды ұсына отырып, өз өңіріміз бен қаламыздың дамуына атсалысым келеді.

– Ертеңіміздің көрінісі – бүгінгі балалар. Балаларымыздың келіп-дендірілген білім алуы, денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі, сапалы тәрбие мен білім алуы мен үшін өте маңызды. Сондықтан осы бағытта бар күшімді салып, балалардың болашағына назар аударатын боламын.

– Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты да үнемі назарда болуы тиіс. Себебі президент айтқан өркеніетті, оқитын ұлтқа айналу үшін алдымен әлеуметтік көңіл-күйі көтеріңкі болғаны жөн. Осы орайда

халықпен тығыз байланыста болып, ашық диалог құру арқылы жаңа жұмыс орнымен кәсіптамасыз ету, кәсіп бастауына қолдау көрсетуді қолға алғым келеді.

– Денсаулық сақтау саласындағы түрлі қызметтерге қолжетімділікті арттыру, қала мен өмір тұрғындарының денсаулығына, дені сау ұлт болуға жағдай жасау. Аталған мәселе облыстық, аудандық емес, ұлттық, мемлекеттік деңгейде қаралуы тиіс деп ойлаймын. Кәсіби маман ретінде оған да өз үлесімді қосқым келеді.

– Салауатты өмір салтын және өз денсаулығына деген жаңа көзқарасын қалыптастыру әр адамның табиғи және ішкі қажеттілігіне айналуға тиіс. Сонымен бірге ана мен бала денсаулығын қорғау әрбір адамға, мемлекетке қатысты. Ана денсаулығы деп жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезіндегі әйелдер денсаулығын айтамыз. Ана денсаулығы мен жаңа туған

нәресте денсаулығы тығыз байланыста. Шамамен 2,7 миллион жаңа туған нәресте жыл сайын қайтыс болады, ал 2,6 миллионы өлі дүниеге келеді. Осы мақсатта барлық босандыруларда білікті мамандардың болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Кәсіби білікті мамандарды тарту, оларға қолдау көрсету керек.

Құрметті қызылордалықтар!

Мен Қызылорда қаласы тұрғындарының өмір сүру сапасы мен мәдени, рухани, экономикалық әл-ауқатын арттыруды мақсат етіп, өз қаламың гүлденуіне депутат ретінде атсалысым келеді. Сөзден іске, жоспардан мақсатқа көшу арқылы бірге жаңа болашақты құрай аламыз. Сондықтан сіздердің сенімдеріңізден шығу – парыз.

Бір-бірімізге сенім артып, ашық диалог құрсақ қана баянды мақсаттарға бірге жетеміз. Әр қызылордалық сапалы, саналы өмірді таңдай алады.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№ 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Аманбаев Нұрлан Нұрасылұлының сайлауалды бағдарламасы



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Аманбаев Нұрлан Нұрасылұлы 1982 жылы 28 сәуірде Қызылорда облысы, Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ. Білімім – жоғары. 2004 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін инженер-системотехник мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Әрі қарай да білім алу үшін «Болашақ» университетіне құрылыс мамандығына оқуға тапсырып, 2018 жылы диплом алдым. 2022 жылдан бері «ҚазҚұрылысСервис» ЖШС директоры қызметін атқарып келемін. Отбасылымын. 4 ұл, 1 қыздың әкесімін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Құрметті сайлаушылар!

19 наурызда өтетін ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы бұрынғы саяси науқандардан өзгеше.

Елдің бағы, ердің бабы сыналатын осы дүбірлі көшке өзімді ұсынып отырмын. Ердің елеулісі, халықтың қалауысы боп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Қызылорда қаласындағы мынадай өзекті мәселелердің оң шешімін табуға тікелей атсалысатын боламын:

Біріншіден, қала тұрғындарының экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсарту жұмыстарын қолға аламын. Осы бағытта тұрақты дамыту жоспарын құрып, кәсіпкерлікті қолдау бағытына басымдық беру қажет.

Жұмыссыздық пен әлеуметтік көңіл-күйді көтерудің басты шешімі – жаңа жұмыс орындары. Жаңа өнеркәсіп орындарын ашуға, олардың мемлекет тарапынан көмек алуына ықпал жасау да жоспарымда бар. Сонымен қатар шағын және орта бизнеске жаңа жұмыс орындарын құрып, қала тұрғындары мен түрлі мамандықта жоғары

білімі бар, жұмысы жоқ жастарды жұмыспен қамтамасыз етсек деймін. «Дипломмен ауылға» жобасының қолға алынуына қарамастан, жұмыс таба алмайтын жастар көп. Еліміздің болашағы – жастардың қолында десек, олардың мақсаттарына, қалауына бейжай қарамаған жөн.

Құрылыс саласын дамытуға атсалысу мақсатында: – Шаһар аумағында көпкөтерілі тұрғын үйлердің құрылысын сапалы жүргізуге; – Тозығы жеткен білім ұяларын күрделі жөндеуден өткізуге; – Қала көшелеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жүзеге асыруға;

– Көпкөтерілі тұрғын үйлердің ауласын абаттандыруға ықпал еткім келеді. Аумақтағы тозығы жеткен көне үйлердің модернизациядан өтуіне, жөндеу жұмыстарының талапқа сай жүргізілуіне жағдай жасап, халықтың талап-тілегіне сай жұмыс істейміз.

Әлеуметтік осал топқа қолдау көрсету бағыты бойынша: – Мүмкіндігі шектеулі балалар мен мектеп оқушыларының сапалы білім алуына жағдай жасауды; – Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы мүшелерін

тұрмыстық қажеттіліктермен қамтамасыз ету, қайырымдылық шараларын жиі ұйымдастыруды басты назарға алатын боламын.

Облыс орталығы – Қызылорда қаласының аумағы кеңейіп, тұрғындардың өмір сүру сапасы мен сұранысы артып келеді. Сол себептен аумақтағы әр құрылысты, қызмет көрсету жұмысын ескере отырып, қала көшелеріндегі автомобиль және жаяу жүргіншілер жолдарының жөндеуін және жол сапасын назарда ұстағым келеді.

Көпқабатты үйлер ауласындағы жолдардың сапасы сын көтермейді. Тұрғындар облыс орталығында тұрып, шалшық кешіп, батпақтап жүр. Дамыған қоғамда бұл түйткілдер өлбетте, көзге шыққан сүйелдей қомпайып тұрады. Алдағы уақытта аумақтағы тұрғын үйлердегі аталған мәселені шешіп, жаяу жүргінші жолын да талапқа сай жасатып, көлік жүретін жолдардың да талапқа сай орындалуына атсалысамын.

Аумақтағы әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасының нығаюы, кәсіпкерлік нысандарының бизнесінің

әлеуметтік жауапкершілігін ұғына жұмыс істеуі, еліміздің болашағы саналатын балалардың өздерін дамыту бағытында түрлі үйірмелердің ашылуына да ықпал ететін.

Құрметті жерлестер!

Мен кандидат ретінде Қызылорда қаласы тұрғындарының өмір сүру сапасы мен мәдени, рухани, экономикалық әл-ауқатын арттыруды мақсат етіп, өзім туып-өскен қаланың гүлденуіне атсалысуды армандаймын. Сөзден іске, жоспардан мақсатқа көшу арқылы бірге жаңа болашақты құрай аламыз. Билік пен халық, депутаттар мен тұрғындар боп бір-бірімізге сенім артып, ашық диалог құрсақ қана мақсатқа жетеміз.

19 наурызда саяси таңдауға атсалысып, қала мен өңіріміздің тағдырына әсер ететін шешім қабылдауға шақырамын. Кандидат ретінде маған дауыс берсеңіз, үмітіңіздің үдесінен шығуға, ел мүддесі үшін аянбай еңбек етуге бар күшімді саламын!

Қаржысы үміткердің сайлау қорынан төленді



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Жандос Ермаханов Нұрсұлтанұлы 1987 жылдың 15 қаңтарында Қызылорда қаласында дүниеге келдім. 2006-2009 жылдары ҚазМУ университетінде заңгер мамандығы бойынша жоғары білім алдым. 2012 жылдан бастап «СК монтаж строй» мекемесінде заңгер болып жұмыс бастадым. Осы мекемеде 2019 жылға дейін қызмет атқарып, сол жылы «ТОО Элита» мекемесін құрып, 2022 жылға дейін басқарып келдім. Қазіргі уақытта «СК монтаж строй» мекемесінде заңгермін. Қосымша жеке кәсіппен айналысамын. Отбасым бар, 2 бала тәрбиелен отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Киелі Сыр елінің азаматы ретінде Қызылорда қаласының

№10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат Ермаханов Жандос Нұрсұлтанұлының сайлауалды бағдарламасы

кәсіпкерлік саласына үлес қосып келемін. Сондықтан өзім өскен өңірдің даму жолы, өткен тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігі, түйткілді мәселесі, халықтың мұң-мұқтажы жақсы таныс. Өңірдің өзекті мәселесін шешуде, тұрғындардың базынасын тиісті орындарға жеткізуде депутаттар билік пен халықтың арасындағы көпір дей аламын. Осындай сенімге ие болып, халықтың үнін қаз-қалпында жеткізе алу, құлақ асу – парызым.

19 наурызда өтетін сайлауда Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынып, бақ сынағанды жөн көрдім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті, Жаңа Қазақстан құру идеясын қолдап, еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қосқым келеді. Алдағы сайлауда ел сеніміне ие болып, депутат болып сайлансам, мынадай мәселеге назар аударамын.

– Қызылорда – жас пен жасамысқа, халық пен билікке ортақ үй. Тұрғындарға өмір сүруге жайлы, сапалы қызметтерге қолжетімділік қалыптасқан қала жасау – бүгінгі күннің басты талабы. Сәт сайын жаңалықтар өзгерген заманда уақыт талабына сай «ақылды» қалаға айналу маңызды. Ақылды қала – қауіпсіз, инфрақұрылымы дамыған, өмір сүруге қолайлы қала. Алдағы

уақытта өз қаламыздың ақылды қала талаптарына сай болуын жүзеге асыруға бар күшімді салсам деймін.

– Бүгінгі бала – ертеңгі ұлт болашағы. Сондықтан болашағымыздың тәрбиесі балабақшадан, олардың қажеттіліктері мен дамуына жағдай жасаудан басталуы керек. Округке қарасты Батыс, Ақмешіт, Шымбай аумақтарында балабақша, балаларға арналған ойын алаңдарын, түрлі бағытта мектептен тыс үйірме орталықтарын ашуды қолға алатын боламын.

Елiн ойлайтын азамат ретiнде, әке ретiнде мен үшiн кiшкентай бұлдiршiндердiң сапалы балабақшамен қамтылуы, түрлi тегiн үйiрмелердiң жұмыс iстеуi, сонымен қатар «Жайлы мектеп» бағдарламасының жүйелi түрде жүзеге асуы маңызды.

– Қай елдің де, қай адамның да дамуының алғышарты – үздіксіз ізденіс, еңбектену. Осы мақсатта жұмыссыздық мәселесін шешу, қала мен қалаға қарасты ауылдарда жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта кәсіппен айналысуға барынша қолдау көрсету, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді орындалуын әрдайым назарда ұстаймын.

– Округке қарасты аумақтарды аяқсумен қамтамасыз етіп,

көгалдандыру, облыс орталығын шын мәніндегі жасыл қалаға айналдыру табиғат пен туған жер алдындағы міндетімнің бірі деп білемін. Қаланы көгалдандыру тек таза ауа мен жасыл желекке оранған әдеміліктің көрінісі емес, ең алдымен, экологиялық қажеттіліктің бірі. «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген баба сөзін ұстанып, осы бағыттағы іс-шараларға белсенділік танытуға шақырып, тұрақты жүзеге асырғым келеді.

– Бүгінде несиеге байланған халық аз емес. Осы орайда халық табысын арттыру бағдарламасының тиімді жүзеге асуын қадағалаймын. Сонымен қатар халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырсам деймін.

– Еңбек адамын дәріптеу – әр қызылордалықтың, қоғам өкілінің міндеті. Кейінгі толқынға тәрбие әрі үлгі ету мақсатында еңбек адамын дәріптеу жүйелі жүруі қажет. Осы орайда еңбек адамын дәріптеу мақсатында түрлі шаралар ұйымдастыруға, еңбек адамына құрмет жасау жолдарын қарастыруды назарда ұстаймын.

– Өзіме қарасты округ тұрғындарының түйткілді мәселесінің шешімін табу жолдарын қарастырамын. Халық үнін еститін үкімет

бағдарламасының ел ішінде жүзеге асуына үлес қосамын. Бұл мақсатта халықтың арыз-шағымын, тілегін әрдайым тыңдап, өз кезегінде шешім табуына ықпал етемін. Яғни, әрдайым сайлаушылармен, маған дауыс беруші тұрғындармен тұрақты кездесу өткізуді назарға алатын боламын.

– Бұқаралық спортты дамыту мақсатында қаланың кез келген жерінде халықтың спортпен айналысуына жағдай жасау қажет. Бұл мақсатта демалыс орындары мен спорт алаңдарын көбейтуге ықпал етемін. Себебі денсаулықты сақтап, зиянды әдеттерден аулақ болудың бір шарты салауатты өмір салтын ұстануы, тұрақты спортпен айналысу деп ойлаймын.

Қадірменді сайлаушылар!

№ 10 сайлау учаскесіне қарасты сайлаушылар таңдауға белсене атсалысу арқылы артылған сенімнің орындалуына өз үлесін қосады деп сенемін. Сапалы өмірді таңдаушы тұрғындар мен сайлаушыларды маған дауыс беруге шақырамын. Ел сенімін ақтауда бар күш-жігерімді аямай, еңбек етемін! Жаңа қоғамды бірге құрайық!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді



ӨМІРДЕРЕК

Мен, Омаров Бақытбек Аждатұлы 1988 жылы 2 сәуірде Қызылорда облысында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары.

2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін экология мамандығы бойынша бітірдім. Ал 2009-2011 жылдар аралығында аталған оқу орнынан заңгер мамандығы бойынша білім алдым. 2012 жылдан бері «Қызылорда нан» ЖШС мекемесінің директоры қызметін абыроймен атқарып келемін.

Спорт шеберіне үміткермін. «Сыр мейірімі» қайырымдылық қорының тұрақты қаржыландырушысымын. Жастарды қолдау мақсатында №253 орта мектепте өнерге бейім балалардың талантын

№10 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Омаров Бақытбек Аждатұлының сайлауалды бағдарламасы

танып, дарынын дамытатын домбыра үйірмесін ашып, демеушілік жасап келемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Сыр халқы!

19 наурызда өтетін ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы бұрынғы сайлауға ұқсамайтын өзгеше дәстүрде бет алып келеді. Сайлауда елге қызмет етемін, шамам келгенше туған жерімді түлетуге атсалысамын деген әрбір жанның алдында мүмкіндіктер алаңы ашылды. Әрбір қазақстандықтың елге қызмет етуге мүмкіндігі жоғары. Осы орайда мен де бағымды сынап, дүбірлі додаға қатысуды жөн көрдім. Елдің дамуына қомақты үлес қосу мақсатында мен төмендегідей бағдарлама әзірледім.

Біріншіден, біз қашаннан шикізат көзі аталып келеміз. Міржақып бабамыз айтқандай, оянатын кез келді. Елде өндіріс орындарын ашып, өнім өндіріп, өзімізге қажеттіні қолымыздан жасайтын уақыт келген сияқты. Шынын айтқанда, Түркияның аяқ киімдерін тұтынамыз. Бірақ оларға тері илеуді, тері бұйымдарын жасауды өзіміздің

қазекем үйреткен. Көшпенді елдің жұртында талай өнер болған, осыны қолға алуымыз керек. Мұнан бөлек, те көптеген істі бастауға серпін беріп, қозғау салуға атсалысамын.

Екіншіден, өзіміз ас атасы – нанды тұтынушы талғамына сай жасап жатырмыз. Бұл – ешқандай дағдарысқа, ешқандай қиыншылыққа қарамастан алға бастайтын кәсіп түрі. Наубайхана ісіне дейінгі егін егу жұмыстарын қолға алып, бидайды өзіміздің жергілікті аймақтарда егіп, ұн өндіретін цехтардың жұмыстарын жолға қойғым келеді. Бұл өз кезегінде елдегі ұн өнімдері бағасының төмендеуіне әкеледі.

Үшіншіден, қазақтың бас ақыны – Абай атамыз «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық аздырар адам баласын» деген. Осы мақсатта жұмыссыздар армиясының қатарының азаюына, екі қолға бір күрек тапқандардың қатарының артуына үлес қосамын. Жастардың әрбір бастамаларына қуат беріп, қолдау арқылы олардың ынта-ықыласын да арттырамыз. Сенім – адамға қуат беретін ерекше күш. Сондықтан, біз жастарға сенім артуымыз керек. Сол арқылы мемлекеттің қозғаушы күшінің қуатын еселейміз, болашаққа деген үмітінің сәулесін жарқыратамыз.

Төртіншіден, қазіргі таңда біз жел отырған азық-түліктің

көпшілігі сырттан келеді. Тауық еттері бізге дейін қанша уақыт тоңазытқышта жатқанын тап басып ешкім айта алмайды. Сол себепті, жұмыртқа және тауық бизнесін дамытып, өңірде үлкен кәсіпорын ашқым келеді. Қазір алғашқы аяқалыс пен қадамдар да басталды. Қызылордада нөмірі бірінші тауық базасын ашу – менің ең үлкен мақсатым. Сол арқылы көптеген адамды жұмыспен қамти аламын. Бір адамды жұмыспен қамту арқылы оның отбасындағы 5-6 адамның жағдайына қарасуға болады.

Бесіншіден, қазіргі заманғы алдыңғы қатардағы мамандық – жеке кәсіп. Жастарды қоғамдағы қат салаларда сұранысқа ие кәсіп түрлерін қолға алуға мектеп жасынан баулу керек. Осы мақсатта мектеп оқушыларына арналған гранттарды демеушілік көздерден қарастырып келеді. Бүгінде мектеп оқушыларының зерттеулеріне және оларды еңбеккерлікке баулуға жылыжай ісін көп оқу орындарынан көруге болады. Мұны ары қарай дамытып, балалардың білімді кәсіпке қалай айналдыруға болатынын үйретсем деймін. Өлбетте, бұл үшін бір мақсат пен бір мүдде аясында тоғысуымыз керек.

Алтыншыдан, аймақта бұқаралық спорт дамып келеді.

Осы бағытта әлі де көп жұмыс атқарылу керек деп есептеймін. Спорт мекемелерімен біріге отырып, ұсақ бұзақылықпен көзге түскен балаларды спортқа бейімдеп, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын. Ал спортпен айналысқан бала теріс қылыққа бой алдырмай, өз ойы мен пікірін аямай, дами түсетіні ақиқат.

Жетіншіден, атақты спортшы, меценат Жақсылық Үшкемпіровтің «Қазақстанда 5 мың ауыл бар. Елден 5 мың мықты азамат шығып, сол ауылдардың жағдайын жақсартайық» дегені бар еді. Осы ұстанымды ұстап, өңірдегі кәсіпкерлердің басын қайырымды істерде көбірек қосқым келеді. Өлбетте, өзімнен бастаймын. Бүгінде қолға алған қайырымдылық істерімді жалғай түсемін.

Құрметті жерлестер!

Атқа мініп, тақым қысып, елге қызмет ісіне білек сыбана кірістім. Жоғарыда айтқан әрбір ұсынысым мен мақсатым сіздердің қолдауларыңызбен ғана жүзеге асады. Қазақ «Жалғыздың үні шықпайды, жаяудың шаңы шықпайды» деп бекер айтпаған. Сондықтан, біз біріксек, күш боламыз!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Мәжіліс сайлауының ерекшеліктері қандай?



Басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге бола ма?

Тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әр азамат дауыс беру күніне 30 күн қалғанда, яғни 2023 жылғы 17 ақпанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, өзінің нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқығы бар. Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жеріндегі сайлаушылар тізімінен шығарып, дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізеді. Бірақ бір елді мекен шегінде басқа учаскеде дауыс беруге болмайды.

- Осы құқықты:
- дауыс беру күні тіркелген жерінде болмайтын азаматтар;
 - басқа қаладан келген, арнаулы жоғары және орта оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;
 - вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Сайлаушылар тізіміне енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2023 жылғы 4 наурыздан бастап сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексере аласыз.

Шетелде жүрген қазақстандықтар қалай дауыс береді?

Дауыс беру үшін өзіңіз тұрған шет мемлекеттегі сайлау комиссиясының учаскесіне жүгінуіңіз керек. Шетелдегі сайлау учаскелерінің тізімі Орталық сайлау комиссиясының сайтында жарияланған. Шетелдегі қазақстандықтар немесе дауыс беру күні өзге елде болатын азаматтар елшіліктер сайтына, телефон нөмірлері мен электронды поштасына мәліметтерін хабарлап, сайлаушылар тізіміне қосыла алады. Дауыс беру кезінде өзімен бірге Қазақстан Республикасы

азаматының жарамды паспорты болуы қажет.

Дауыс беру қағазында «Бәріне қарсымын» деген баған бола ма?

Иә, болады. Алғаш рет мәжіліс сайлауында «бәріне қарсымын» деген баған сайлау бюллетендеріне енгізіледі. Осыған дейін президент сайлауында азаматтар осы мүмкіндікті пайдаланды.

Сайлаушы кандидаттың ешқайсына дауыс бергісі келмесе осы нұсқаны белгілей алады. Бұл баған сайлаушылардың белсенділігін анықтауға арналған, сайлау қорытындысын шығарғанда есепке алынбайды. Бірақ қанша адам «бәріне қарсымын» деген бағанды таңдағаны жайлы мәлімет беріледі.



Соңғы уақытта мектептегі оқулыққа қатысты түрлі мәселе туындауда. Бірі пән оқулықтарының жазылу тілі қисынсыз екенін айтса, енді бірі тапсырма мен мәтіндегі логикалық алшақтық барын алға тартады.

Әйтеуір, жаңа оқулық шыққан сайын әлеуметтік желіде қызу талқы туып, халық назары ауады. Осыған орай мемлекет те тиісті деңгейде қадағалауды күшейтіп, кітап сапасына қатысты келеңсіздіктерді жоюға бет бұрған.

Алдымен статистикаға көз жүгіртейік. Қазіргі таңда елдегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді 20-дан астам жеке баспа әзірлеуде. Мамандардың сөзінше, оқу әдебиеттері сараптау орталығында мемлекеттік сараптамадан өтіп, бақылауға алынады екен. Алайда тексеру көбейгенімен олқылық азаймай отыр. Оған Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес отырысында айтылған сын дәлел. Оқулық сапасы сын көтермейді, мазмұны жұтаң, баспаларға қойылатын талап солқылдақ. Мұндай келеңсіздік неге көбейді?

Мазмұннан бастайық. Көбі оқулықтағы орынсыз сөз тіркестері мен логикалық қайшылықтың өріп жүруін аудармадан көреді. Яғни, қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің кейбірі орыс тілінде дайындалады. Кейіннен дайын мәтін қазақ тіліне аударылып, сараптамаға ұсынылады. Осылайша

пәнге қатысты білім-білігі жоқ аудармашылардың салғырттығы, қаржыны ғана көздейтін баспаханалардың осалдығы жағдайды ушықтырған.

«Орыс тілінен аударылған оқулықтарға қатысты мәселенің бары жасырын емес. Себебі қазіргі таңда әлемдік білім беру ісінде пәндердің сұрыпталуы өзгерді. Өзімізде бар оқулықпен шектелуге болмайды. Ал өзгеден алған білімге сақтық қажет. Бұл орайда аударма саласының салмағы басым. Әсіресе, оқулық жазу ісінде шетелдердің де озық тәжірибесі ескерілгені дұрыс. Қазір баспалар да сапалы оқулық жазу, аударма жасау ісіне атсалысуда. Нәтижесін уақыт көрсете жатар. Дегенмен автор мен сарапшы оқулықты бірге талдауды назардан шығармаса екен», – дейді аудармашы Мұратбек Жақсылықтегі.

Бұл мәселені шешу үшін өткен жылдан бастап оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешеннің мазмұнына қойылатын талаптар бекітілді. Осы құжатқа сәйкес оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тілінде дайындау талабы күшейтіліп отыр.

Мәселеге қатысты Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының директоры Елдос Нұрлановтың БАҚ өкілдеріне берген мәліметінде орынды пікір айтылған. Онда кітаптың қандай жүйемен әзірленетіні, алдағы уақытта нендей өзгеріс болатыны нақты көрсетілген.

«Ендігі кезекте оқулық шығару ісіне қойылатын талаптар қатаң қадағаланады. Ал оқулық авторларының құрамында кемінде үш маманның (сала бойынша ғалым, практик-мұғалім және әдіскердің) болуы міндетті. Оқулықты дайындауда бір ғалым мен екі практик-педагог пән мазмұнын толық игеруге тиіс. Баспалар авторлар ұжымын өңірлердегі әдіскерлік кабинеттердің, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарының мамандарын


және өзінің жаңашылдығымен, іскерлігімен танылған, «Жыл мұғалімі», «Үздік педагог» сияқты байқаулардың жеңімпаздары арасынан іріктейді. Еңбек өтілі, санаты, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеті ескеріледі», – деді Елдос Нұрланов.

Кітап мазмұнына қатысты «таяқтың екінші ұшы» – жаңартылған бағдарлама. Ата-аналардың пікірінше, қазіргі оқулықтарды балалар түсінбейді. Тақырып күрделі, мазмұн жүйесіз. Нәтижесінде оқушының қабылдауы қиындап, үлгерім көрсеткіші төмендейді.

– Әрбір ата-ана баланың білімді болғанын қалайды. Сол үшін үй тапсырмасын орындауға жәрдемдесіп, шеше алмаған тапсырманы орындауға көмектесетіміз рас. Сондықтан оқулықтың сапасымен жақсы таныспын. Кейде бала емес, өзіміз де сұрақ мәтінін түсінбейтін кезіміз болады. Пән оқулықтар барынша балаға жақын тілде жазылса екен, – дейді қала тұрғыны Нұргүл Жолмырзаева.

Әрине, сын бар. Алайда салада ілгерілеу де жеткілікті. Мысалы, 2024 жылдан бастап оқушылар 100 процент электронды оқулықпен қамтылады. Электрондық оқулықтармен қатар мектептерде қосымша оқу материалы ретінде мультимедиялық контенті бар цифрлық білім беру ресурстары белсенді қолданылмақ. Бүгінге дейін осы мақсатта 50 мыңнан аса цифрлық білім беру ресурсы жасалған екен.

«Виртуалды зертханалар мен геймификация элементтері цифрлық контентке енгізілуде. Электрондық оқулықтар әзірлеу жұмысына еліміздегі 11-ден аса отандық баспа атсалысты. Пәндерді электрондық оқулықтармен 100 пайыз қамту 2024 жылға жоспарланған. Педагогтер үшін электрондық оқулықтарды тиімді пайдалану әдістемелері әзірленіп, оқыту жұмыстары



басталды. 2023 жылдың басынан бастап цифрлық білім беру ресурстарына 6,7 мың мектеп қосылды. Бұл ресурстарды бүгінде күн сайын 3 миллионға дейін оқушы мен мұғалім қолданып келеді. Цифрлық білім ресурстарында барлық сыныптарды қамтитын 50 мыңнан аса видеосабақ жарияланған», – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Иә, оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, білім беру саласына өзгеріс әкелу біркүндік жұмыс емес. Әлемдік үрдіс, ғылыми зерттеу, педагогикалық жаңалық ескеріліп, 4-5 жылдан кейін ғана нәтиже белгілі болмақ. Сондықтан бүгінгі өзгерістердің бағдарын анықтау, бақылау сәтті нәтижеге сеп болары анық.

Берен ШАҒЫРОВ

Қазіргі қоғамда Сәбит тәрізді сіркесі су көтермейтін талай жан бар. Талай жанның зымырандай сырғыған алтын минуттарын ұрлаған қалтадағы ұры, қалтафонды айтамын, тіпті жүйкені де жұқартатын болған. Онсыз ешбір тірлігіміз де бітпейтін көрінеді. Әйткенмен тәтті нәрсені бәріміз жақсы көреміз, бірақ шамадан тыс жесек, ауруға ұшыраймыз. Мұны түсінгеніміз абзал. Ұялы телефонның да айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алдырған ерекшелігі өз алдына, шамадан тыс уақыт бөліп, барлық назарды соған аударып жатса, зияны да шаш етекпен екені даусыз.

«Батырлар жырын оқып өскен ұрпақпыз ғой» деп сөз бастады Бақытжан Абибуллаев. Ойы орамды, әрбір сөзін мысалмен тәптіштеп жеткізіп отырған азаматтың сөйлеу мәнерінде де өзгеше екпін бар. «Қазіргі жастардың кітап оқымайтыны,

оның есесіне ұялы телефонмен уақыт өткізетіні адамдардың қалыптасуына кері әсерін тигізетін тәрізді» деді парасат-пайымын байқатқан азамат.

Көркем әдебиет оқығанның көңілі жарық болады. Иә, ол қай уақыттан бері назарда бар нәрсе. Ел алдына шығып сөйлегенде де шежіреден ағытып, мысалдармен тұспалдап, турасын айтып жеткізетін үлкендердің осы қасиеті қашан да үлгі ғой. Титтей нәрсені телефонға түртпін, алып, жеке көмекшісі ретінде

көретін бүгінгі ұрпақтың бұл дағдыдан алыстап бара жатқаны ақиқат.

«Қоғам дамып жатқан соң бұл тұрғыда көп нәрсе айтуға болады. Адамдар бір-бірімен тек онлайн байланысқа шыққан. Бетпе-бет келгенде ойын жеткізе алмаушылық, ұмытшақтық дағдылары осыдан шығатын тәрізді. Отбасында бала жыласа, қолына қызықтырып телефон ұстата қоятындарды күнделікті көреміз. Бірақ ол баланың денсаулығына жоғары дәрежеде зиян келтіретінін ұмытпаған абзал. Қазір мектеп табалдырығын аттамай жатып, әлемге әйнектің ар жағынан қарайтындар қатары қалың. Ата-аналарға айтарым, балалар қызықтырған нәрселерін неғұрлым үлкен экраннан көрсе, соғұрлым балаға жақсы болады. Мені осы толғандырады. Көз дәрігеріне бара қалсаңыз, жасы жетіге толмағандарды тексеріп жатқанын байқаймыз. Балалардың жанары әлі де талай жақсыны көру керек. Өлі де гүлденген Қазақстанның, әлемнің

жеті кереметінің көрінісін тамашалау керек. Көзді Құдай сол үшін берген ғой» дейді Олжас Жалғасұлы.

Қоғамда бұл мәселенің өзектілігі сол: Ұялы телефонды жиі қолданған адамның ашушаң келетіні, өмірде одан басқа әлем жоқтай көретіні, көз жанарының солғын тартып, көру қабілетінің нашарлауы –

барлығы осы қалтадағы бағалы бұйымның шамадан тыс



қолданылуынан шығады.

«Баламның

сыныптастары

қалталы жандар. Олар

баласының аузынан шыққан

нәрсені әперуге тырысады. Қай ата-ана болмасын, баласының қатарынан кем болмауы үшін еңбек етеді емес пе?! Осы ұялы телефонды әпермегенім үшін қызым екеуміздің арамызда бірнеше рет кикілжің пайда болды. Салдарынан баламыздан сөз естідік. Бар айтатыны, пәленше деген сыныптас құрбысында бұныкінен әлдеқандай қымбат ұялы телефон бар. Бәсеке қалыптасып кетті. Иә, ал оған шамасы жетпеген ата-ана несие аламыз енді. Ал несиең несібе болмайтыны белгілі. Баланың қолына телефон берсеңіз, олар сол бұйымға басымен кіріп кетеді. Нәтижесінде денсаулығына орасан зор зиян келеді» дейді есімін айтпауды жөн көрген ата-ана.

Иә, әлемді алақаныңызға сыйдыратын ұялы телефон пайдалы ма әлде зиян ба?! Алтын минуттарыңыз қайда кетіп жатыр?! Шын мәнінде ойланарлық сауал. Әйтпесе, құйтақандай экранға көз

тігіп, жанардың солу фактілері көбеюде. Көз аурулары да жасарып келеді.


«Көз ауруларының түрі көп. Бұл ауруларды туа пайда болған жүре пайда болған және сыртқы орта әсерінен болған деп үш топқа бөліп, қарастыруға болады. Біз бала өмірге келгеннен бастап, назология бойынша барлық зерттеу жұмыстарын жасаймыз. Кінәрат табылған жағдайда кеш болмай тұрып, аурудың асқынуына жол бермей, ем-дом жасауға, ота жасауға кірісуіміз керек. Көз аурулары түрлі жолмен ұшырасады. Тұқымқуалаушылықпен де бала бойына қалыптасады» дейді көз дәрігері Айжан Бақбергенова.

Әлбетте, туа пайда болған ауруға қарсы дәрменсіздік танытар тұсымыз көп. Ал қалған екі бөлігі «Сақтансаң, сақтаймын!» дегенді алға ұстаған жанның қауіп-қатерден алшақ болатынына мысал екені даусыз. Ал біз баланың қолына телефон беру арқылы, экранға көп қарату арқылы қандай ауру табамыз?

«Бұл жағдайда көздің бұлшық еттерінің ауырсынуы, шаршауы, көз жанарының құрғап кетуі және жасаурауы пайда болады. Көз құрғап кеткенде одан бөлінетін жас көлемі көбейе түседі. Құрғақ көз синдромы деп аталады. Ультракүлгін сәулелері көзді құрғатып жібереді. Көздің бұлшық еттері талып, ауырсыну байқалады. Бұған байланысты арнайы тамшылар болады. Сол арқылы емделеді. Бұл спазмды емдемеген жағдайда алыстан көрмеушілік дамиды. Яғни, бұл ультракүлгін сәулелері бар құрылғылар ауруды жақындата түсетін себептер» дейді офтальмолог дәрігер Айжан Жұпарбайқызы.

Адамға денсаулық бәрінен қымбат. Сол үшін қолда барда алтынның қадірін біліп, деннің саулығын күтуіміз керек. Бастысы, жанарыңыз сәнбесін!

Дәулет ҚЫРДАН



Сары балғаны алып, ұялы телефонның бетіне тарс өткізіп, ұрып жіберді. Байғұс телефонның бетінде балғаның суреті қалды. Мыжғыланған экран күні кеше бір құнанның ақысына алып келген жарықтық айфон еді. Сәбиттің ұнжырғасын түсіріп, көңілін құлазытқан бір себеп те сол: арғы жақтағы адамның тұтқаны көтермеуі еді. Осылай бір құнанның ақысын суға ағызды да жіберді... Беу, дүние-ай...



Бұғанасы қатпаған талай бала жаза басып, жаңылып, тура жолдан тайқып кетіп жатыр. Жастайынан тамырына балта шауып, кейін сан соғып қап жүргендері қаншама?! Жасында ата-ананың барын шашып, оқығандай болып, бәрібір сотқарлығымен білім ала алмай, осы кезде қа тізесін құшақтаған талайды көрдік. Қателік неден, қай жерден кемшілік жібердік деп қалып ойға шомғанда себебін іздегенмен пайда жоқ, салдарымен күресіп кеттік. Өттеген-айы осы.

әйдік барымташы болыптымыс. Сонда ашынған елдің «Сен малымызды тауысып едің, ұсталмаған ұры емес деп саған ешнәрсе айта алмай отырмыз. Енді ізінді басқан балаң сенен қалған малды тауысты ғой» дегені де есімізде. Сонда мәселенің түп-төркінін неден іздейміз?!

Мөлдір Мақсұтбекқызы, I.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

– Бір мектептің мұғалімі – екінші мектептің ата-анасы. Міне, сондықтан бұл ретте жалпы ұғымда ата-ана деп қараған абзал. Мен ата-ана ретінде айтар едім, тұрмыс тіршілігімен баланы материалдық тұрғыда қамтамасыз етеміз деп рухани жағын әлсіретіп алған сияқтымыз. Сондықтан, бұл бағытта кінә бізден, сізден демей, мәселемен қоғам болып күресуіміз керек. Балалардың бос уақытын тиімді өткізіп, олардың ой-өрісін дамытуға, білім алуға, өнер үйренуге ынта-ықыласын арттырақ деймін. Білім ошақтарында бұл іске барлық жағдай жасалған. Қазақтың бас ақыны Абай «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» дегендей, олардың бос уақытында спортқа, өнерге, үйірмелерге бағыттасақ, баланың болашақта өмірден өз орнын табуы да оңай болар еді...

Осы күні облыс бойынша жасөспірімдер қылмысы бір деңгейді ұстап тұр. Өткен жылы осы есептік кезеңде 3 қылмыс тіркелсе, биыл да осы сан қылтияды. Әйтсе де, мұндай қылмысқа жастар неге барады? Мәселенің ұшы қайдан шығады?

Асхат Сабыров, Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының

төрағасы:

– Жасөспірімдер арасында кездесетін қылмыстың басым көпшілігі – ұрлық. Мүлікке қатысты қылмыстар көптеп кездеседі. Себеп көп. Негізінен бала тәрбиесіне кеп тіреледі. Бүгінде ата-аналардың көпшілігі жұмысбасты. Бала тәрбиесіне алаңдайтындар некен-саяқ. Сондықтан, бала қараусыз қалғанда оның мінез-құлқы өзгереді. Балаларын тәрбиелеуге, оларды дұрыс бағытқа баулуға уақыты болмағаннан бала осындай қылмыстарға барып жатады. Балаға материалдық қолдау керек, бірақ рухани қолдауды да, оның жалпы дүниесіне мән беруді, оның ой-пікірімен санасуды ұмытпаған дұрыс. Көпке топырақ шаша алмаймын, бірақ көп жағдайларда толық емес отбасынан өскен балалар қылмысқа көптеп барып жатады. Бір бап болғанмен, мән-жай әртүрлі болуы мүмкін. Соған қарай жаза да әртүрлі қабылданады. Тіпті, кейде мүлтік шығындар келтірілген болса, жәбірленуші мен айыпталушы арасында келісім орнап, шығынды орнына келтіріп, татуласу арқылы да іс қысқарып жатады. Бірақ, қалай болғанда да балалардың болашағын ойлап, оларға дұрыс тәрбие беріп, Абай айтпақшы, мына қоғамның кетігін тауып, кірпіші болып қалануына жағдай жасауымыз керек.

Раушан Абдразақова, облыстық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры:

– Бала – болашағымыз. Біз қоғам болып, олардың түзу жолдан тайқымай, толыққанды тұлға болып қалыптасуы үшін қоғам болып атсалысуымыз керек. «Бала шыбық тәрізді, жас кезінде қалай исең, солай қарай майысып өседі» деген бар. Оның үстіне, балаға

айтқаныңды істете алмайсың, ол бәрібір көргенін істейді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, ата-ана баламен тығыз қарым-қатынас жасап, олардың қызығушылықтарымен санасу керек. Ата-ананың көбі жұмысбасты. Баланы тек материалдық емес, рухани қажеттіліктермен де қамту жайын түсінуіміз керек. Бізде осы нәрсе кемшін түсіп отыр. Былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс бір деңгейде. Десек те, ұрлық пен бұзақылық тіркелген. Олар ішкі істер органдарында тіркелді, ата-аналарына шара көрілді. Сайып келгенде, баланы демеу аз. Қолдауды сезінбеген бала өз бетімен әрекет жасаймын деп, қисық істерге баруы мүмкін. Көпке топырақ шаша алмаймын, арасында үйірме жағалап, балаларының талантын тап басып танып, дарынын дамытатын да ата-аналар бар. Оған қоса, біз де өз тарапымыздан білім беру орындарында облыстық ішкі саясат басқармасымен, жастар орталықтарымен, аймақтық инспекторлармен бірлесіп отырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Біз жасөспірімдерді осылай тура жолға бағыттап, ненің жаман, ненің жақсы екенін айтуды тоқтатпауымыз керек. Қазақта «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деген ғибратты сөз бар. Міне, осылай ғана біз қоғам болып, осы жүкті арқалай аламыз.

P.S. Иә, қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөз бар. Баланың бойынан көргіміз келген қасиетті алдымен өз бойымызға сіңірейік. Баланың тек үйдің, ата-ананың ғана емес, тұтас ұлттың болашағы екенін ұмытпайық!

Аян СПАНДИЯР

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚЫЛМЫСЫ: СЕБЕП НЕДЕ? САЛДАР ҚАНДАЙ?

Осыдан біраз жыл бұрын облыста мектеп оқушысы бір түнде он шақты дүкенді тонап, өзін осы істе сынап, айласын асырған. Бірақ, «Көп асқанға – бір тосқан» деген қазақпыз, бір күні кезекті тонау үстінде ұсталды. Кеудесіне кең дала сыйып кететін қазақпен бұ жолы да кешірім берген. Жалғызбасты анасы, әжесі мен ағасы. Бары – осы. Әлгі тентектің жұрттың дүкеніне миллиондап келтірген шығыны әженің зейнетақысына, анасы мен ағасының айлық жалақысына түсті. Осылай он жылдап, сотқардың теріс әрекетінің салдары үлкендердің еңсесін көтертпей басып тұрды. Көрген жан алашағын сұрап, алқымнан алғанда олар тұрмақ өзін де кірерге тесік таппайсың. Бірақ әлгі тентек ақыры оңбады, ұрлық-қарлық, тонаумен аты шығып, өмірден сол күйі өз жолын таба алмай кетті.

Он жылдай бұрын аймақта мектеп оқушысы мал ұрлығымен ұсталды. Оныншы сынып оқушысы «бүйені бүрімен, түйені түгімен» жұтатындардан асып түскен. Сырттан камаз алдырып, жылқыны үйірімен қамап, ақшасын санап алып отырған. Оның да жай-күйі белгілі болды. Әкесі кезінде ауыл-аймаққа аты таныс

«ИТ БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚЫЛМЫСТЫ СЕЗЕДІ»

Мекеменің режим бөлімінде есірткі заттарын анықтау мақсатында қызметтік иттермен бірге тінту жүргізіледі. Бұл иттердің көмегімен есірткі, қару ізделеді.

– Итті жаттықтырып, дайындау әдеттегідей күшік кезінен мойнына қарғыбау тағып қолға үйретуден басталады, маманмен тіл табысу мен өзара сөйлесуге үйретеміз. Оқу-жаттығу күнделікті үздіксіз жүріп отырады, себебі ит әрқашан

және кез келген жағдайға дайын болуы тиіс. Тағы бір қойылатын талап – тыңдай білу, кинологтың берген нұсқауын бұлжытпай орындау, – дейді режим бөлімінің бақылаушы кинологы Бекзат Аманғалиев.

Кинолог болу үшін жануарларға деген махаббат жеткіліксіз. Шыдамдылық, мақсат, білім қажет. Итті жақсы көрмесе, жан-дүниесі мен табиғатын түсінбесе, олармен жұмыс істеу қиын. Мінезін әбден зерттеп алу қажет. Ит иесінің көзқарасы арқылы нені айтқысы келгенін сезеді. Денсаулығы да бақылауда болады. Жалпы, кинологқа жүктелер міндет аз емес.

«ИТ уақытылы тексеруден, ветеринарлық қараудан өтіп тұрады. Мартин есімді итті мен жаттықтырамын. Оны үйрету аса қиын болмады. Сондай-ақ ол тыйым салынған заттар мекеменің ішкі аумағына енуінің алдын алуға да үлес қосты. Итті күтіп-баптау, тамағын беру біздің міндетіміз. Жануар қорқорлықты қажет етеді. Олардың адамдарға

деген адалдығы мен сенімділігінде шек жоқ», – дейді Б.Маратұлы.

Жеті қазынаның бірі адамның ішкі жан дүниесін түсінеді. Сондықтан жаттығу кезінде кинолог көңілді жүргені жөн. Төрт аяқтының өзі тапсырманы орындаған сайын иесінен мақтау, мадақтау күтеді. Кей жағдайда бұлар жақсы үйреніп келе жатады да тоқтап қалады.

Жалығады. Ондайда демалыс беру керек. Бекітілген әдіспен ғана жаттықтырмай, әр маман өз бетімен ізденсе дұрыс. Қандай жағдайда да кинолог сабырлы, ұстамды болғаны жөн. Себебі жұмыста істі ашу маңызды. Кинолог қателеспеуге барынша



талпынады. Серігіне де оны мұқият үйретеді. Бөлім қызметкерлері осы иттердің көмегімен тоқсан сайын бір рет тінту жұмыстарын жүргізеді екен.

Мөлдір САБЫРЖАН

Кинолог мамандарына сұраныс жоғары. Ит үйретіп, баптауға мамандар арнайы оқытылады. Сондай-ақ практикалық тұрғыда шыңдалады. Иттің уақытылы тамағын беру қатаң бақылауда. Себебі жануар жұмысты жоспар бойынша орындай алмауы мүмкін. Бүгінде кинологтың көмегімен ашылып жатқан қылмыс жетерлік. Соның бірі облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті №60 мекемесінде жұмыс істейді.

ҰЛЫ ДАЛА ХАНДАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Тарихқа көз жүгіртіп, өткеніне зер салу арқылы ұлттың бүгінгі мен болашағын тани аламыз. Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты № 20 кітапхана мен Ә. Мүсілімов атындағы № 101 мектеп-лицейінің тарих пәнінің бірлестігі бірге ұйымдастырған «Ұлы дала хандары» атты тарихи кеш – соның айғағы.

Кешке бірлестік ұстаздарынан бөлек мектептің 8-11 сынып оқушылары да белсене атсалысты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тарих кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Аманкүл Әзірбекова, Абай атындағы ДБА мектебінің тарих пәнінің ұстазы Асқар Шарманов және «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Дина Бекебай қатысып, қонақ болды.

Шара барысында өскелең ұрпаққа халықмыздың бай тарихынан сыр шертетін арнайы дайындалған кітап көрмесі таныстырылды. Оқырмандар өлең оқып, қазақтың туын биік көтерген хан Абылайға арналған көрініс көрсетілді. Кешті қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлмира Шамсутдинқызы қорытындылап, шараның өтуіне атсалысқан мектеп ұжымы мен оқушыларға арнайы Алғыс хаттар табысталды.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ ЖАЛФАСУДА



Көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру аясында Сыр елінен 700-ге жуық жас сарбаз әскерге аттанады. Әскерге баратын азаматтарды таңдау барысында әдеттегідей денсаулық жағдайы ескеріледі. Шақыру медициналық комиссия, жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен жүзеге асырылады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің тәрбие, идеологиялық және әскери-патриоттық жұмыстары басқармасының бастығы – департамент бастығының орынбасары, подполковник Алмат Жақыпов хабарлады.

Жалпы көктемгі мерзімді әскери науқанға ҚР Қарулы күштерге – 300 адам, Ұлттық ұланға – 230 азамат, ал ҚР ҰҚК Шекара қызметіне – 170-ке жуық, Мемлекеттік күзет қызметіне – 2 адам шақырылады.

– Сыр елінің азаматтарын көктемгі мерзімді әскерге шақыру жұмыстары 1 наурыздан басталған болатын. Қазіргі таңда азаматтарды әскери қызметке жіберу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Сондай-ақ, Отан алдындағы әскери парызы өтеуге байланысты насихат жұмыстары да жүйелі түрде ұйымдастырылуда. Бұдан бөлек, 10-11 сынып оқушылары мен жоғары және орта оқу орындарында облысымыздың ардагерлер қауымының қатысуымен еркін форматта кездесу өтті, – деді Алмат Алмасұлы.

Брифинг барысында подполковник Жасұлан Шанқұлов әскерге шақырудан кімдердің босатылуы мүмкін екендігі және мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар үшін қандай жеңілдіктер көзделгені туралы ақпарат берді. «Қорғаныс ведомствосы еліміздің қырықтан астам жоғары оқу орындарымен жасалған келісімдері бойынша Отан алдындағы борышын өтеген жастар әскерден кейін екі жыл ішінде жоғары оқу орындарына ақысыз, ҰБТ тапсырусыз түсе алады. Бұл ретте үздіктердің үздігі жоғары оқу орындарында тегін білім алатын болады. Сондай-ақ, әскери кафедраға конкурстан тыс түсуге де мүмкіндік қарастырылған», – деді мерзімді әскери қызметке шақыру бөлімінің бастығы подполковник Жасұлан Шанқұлов.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТЕРАПИЯСЫ



Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» мен Дін істері басқармасының бірлесе ұйымдастыруымен аналар мен балаларға арт-терапиялық тренинг өткізілді. Тренингке қатысушылар шығармашылық процесстен ерекше әсер алып, сурет салуға қызығушылығын оятты.

Сурет салу барысында өмірлік тәжірибелер мен естеліктер, болашаққа жоспарлар мен пікірлер ортаға салынды. Сабақ соңында қатысушылар ризашылығын білдіріп, бұл жұмыстан үлкен психологиялық сергектік пен жеңілдік сезім алғандарын айтты.

Арт-терапия адамның ойлау қабілетін жақсартып, тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Ересектер, жасөспірімдер және балалармен психологиялық жұмыс кезінде арт-терапияның тиімділігі өте жоғары. Бұл әдіс адамның ішкі жан дүниесін ашуға мүмкіндік беріп ғана қоймай, өзін-өзі бағалауға ықпал етеді, жағымсыз эмоциялар мен ойдан арылуға үйретеді, топтық жұмыста адамның маңызды әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов пен Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов айтты. Спикерлердің айтуынша, тарихи тағылымы мен мағынасы терең бұл мерекені жоғары деңгейде

мақтанышы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған еске алу, ұлықтау және Қызылорда облысының 85 жылдығына арналған түрлі сипаттағы іс-шаралар, білім сайыстары өтеді.

Сонымен қатар елді мекендерде ауыл халқының бірлігін арттыру мақсатында

сайыстар мен түрлі бағыттағы спорттық спартакиадалар өткізіледі.

20 наурыз – «Жастар күнінде» жастар жиналып қазақтың дәстүрлі ұлттық ойындарын ойнап, думанды кеш өткізеді. Жастар жадында ұлттық құндылықтар жаңғыратын бұл күннің рухани, мәдени маңызы да жоғары болмақ.

21 наурыз – орталық алаңда «Бірліктің бастауы, елдіктің дастаны – Наурыз» атты Ұлыстың Ұлы күні, жыл басы – Наурыз мейрамын тойлауға арналған мәдени-көпшілік іс-шара

Жаңару мен жаңғырудың басы

атап өту мақсатында 14 наурыздан 22 наурызға дейінгі 6 күнге жеке-жеке атау берілген.

«Мерекке қарсаңында аға ұрпақтың, үлкендердің батасын алу – бұрынғының жолы. Бұл ретте Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда «Амал» мерекесі, «Сәлемдесу» іс-шаралары ұйымдастырылады, ақсақалдардан бата алу, төс қағыстыру рәсімдері өткізіледі. Амал мерекесі аясында медициналық мекемелерде ем қабылдап жатқан жандардың жағдайын білу және әлеуметтік қызмет көрсету нысандарында қызмет алып жатқан тұрғындарға арналған іс-шаралар өтеді.

Наурыздың нақышын келтіретін іс-шаралардың ең негізгісі – қайырымдылық. Осы орайда облыс әкімінің қатысуымен орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде «Қайырымды ұлт» жалпыұлттық қайырымдылық акциясы өтеді. Оның аясында «Наурыз шапағаты» шарасы ұйымдастырылады», – деді А.Есмаханов.

Атап айтқанда, облыс әкімінің қатысуымен өтетін «Наурыз шапағаты» қайырымдылық күнінде халықтың аз қамтылған топтарын қолдауға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру жоспарлануда. 15 наурыз – «Тарихтан тағылым» күні ұлт

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай Сыр өңірінде түрлі бағытта 300-ге жуық мерекелік іс-шара ұйымдастырылатын болады. Соның ішінде облыс орталығында 100-ге жуық шара өткізілмек.

(мал шалу, ас беру, құран бағыштау) «Тасаттық» рәсімі жасалады. 16 наурыз – «Наурыз нақышы – тазалық» атты көркейту-көгалдандыру, тазалық күні. Бұл күні зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен ағаш көшеттері отырғызылып, қаланы абаттандыруға бағытталған тазалық жұмыстары атқарылады. Барлық мекеме, ұжымдардың бір мезеттегі «Ағаш отырғызу» акциясы, аулалар мен саябақтарды көгалдандыру бойынша «Жасыл үй» челленджі басталады.

17 наурыз – «Ұлттық спорт – ұлт салауаты» ұлттық ойындар күні. Бұл күні қазақша күрес, асық ату және тағы да басқа ұлттық ойындардан сайыстар, велошерулер, марафон секілді спорт түрлерін қамту көзделген. Сонымен бірге жалпы білім беру ұйымдарында оқушылар арасында ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында



ұйымдастырылса, 22 наурыз – Жалпыхалықтық серуен күні болмақ.

Айта кетейік, Ұлыстың Ұлы күніне арналған мәдени іс-шараның негізгі мақсаты – ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында айтылған Наурызнама мерекесі аясында құндылықтарды бағалау, жаңа күнді, жыл басын жоғары шығармашылық кәсіби деңгейде жыл көлемінде тойланатын атаулы мерейтойларға ұштастыру. Негізгі мерекелік іс-шара 21 наурыз күні орталық алаңда өткізілмек. Орталық алаңда 38 киіз үй тігіліп, 85 бүлдіршіннің тұсаукесер рәсімі өтеді. Бұл күні концерттік бағдарлама, түрлі жарыстар мен театрландырылған қойылымдар көрермен назарына ұсынылады.

Қоғам дамуында жастардың рөлі зор. Ұрпақтар сабақтастығын үзбей, ілгері күнге ілкімділікпен қадам басу үшін саламатты, бейінді де зейінді, тәртіпті жастар шоғырын қалыптастыру қажет.

Жастар мен жасөспірімдер арасында топқа бөліну соңы өкінішті жағдайға апарарды. Топтың белсендісі боламын деп қателікке бой алдырмас үшін студенттер арасында алдын алу жұмыстарын жүргізу маңызды. Жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алуға, заңсыздықты болдырмау және қоғамдық тәртіпті нығайту мақсатында жиі кездесулер ұйымдастырылады. Әсіресе жиі кездесетін құқық бұзушылықтар түнгі уақытта көшеде заңды өкілсіз жүру, 22:00-ден кейін ойын-сауық орталықтарында, компьютерлік клубтарда отыру, ата-анасымен ренжісіп үйінен кетіп қалу

секілді жағдайлар. Баланың қауіпсіз өміріне оқушылармен қатар ата-ана да жауапты. Сондықтан әрбір жиында ата-аналары мен заңды өкілдеріне ескерту жасаймыз.

Баланы түнгі уақытта үйден тыс жерге жалғыз жібермеу, араласатын ортасын, іс-әрекеттерін бақылап, баламен жиі уақыт өткізуге шақырамыз. Ата-ананың балаға көңіл бөлмеуі

жасөспірімдердің құқық бұзушылық жасауының негізгі себебі болуы мүмкін.

Бүгінгі қоғамда жастарға қатысты әрбір мәселе өзекті болып тұр. Ауданға, ауылға бөлініп көше мен көше болып топтасатындар бар. Оның соңы төбелеске ұласуы мүмкін. Жасөспірімдер бір-біріне күш көрсетуге ынтық. Болмашы нәрсе үшін жаға жыртысып, қырқысады. Бұл бар болғаны арадағы ерегіс. «Мен күштімін» деп мақтану. Колледжде өтетін әрбір жиында студенттерге төбелес деген бұзақылық деп айтып отырамыз.

Төбелестің арты қайғылы оқиғаларға, ауыр қылмысқа апаруы мүмкін. Сол себепті әрбір ата-ана балаларының алдындағы жауапкершілікті сезініп, баланың тәрбиесін қолға алуы, оның қауіпсіздігін үнемі бақылауда ұстауы тиіс. «Тәрбиелі – тәртіпті құлы. Тәртіпті – елдің ұлы» деген Бауыржан Момышұлы.

Тәрбие жұмыстарымыздың басты мақсаты да тентекті тезге салу. Олар білімді, салауатты, белсенді болса, арман-мақсаттарына да жетері айқын. Барлық жігер, қайрат, еліміздің болашағы тек жастардың қолында. Олардың жігері жасымай, жолдан жаңылмай жүрсе игі.

Алмат МАМПАЕВ,
«Жаңақорған аграрлық-техникалық колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

БАЛА ТӘРБИЕСІ МАҢЫЗДЫ





Елім деп өткен ер

Кез келген кісі туралы сөз бастағанда ең әуелі оның болмыс-бітімін айшықтап, қоғам игілігін көздеген ісін тізбектеу заңдылық. Белгілі бір саланы меңгеріп, сол арқылы ел мақтанына айналып, халық құрметіне бөленген азаматтардың көптігі көңіл қуантады. Бірақ солардың бірен-сараны болмаса, көбінің есімі ел есінде қалған жоқ. Өйткені халық кез-келген адамды атқарған лауазымды қызметіне емес, елге сіңірген еңбегіне қарай бағалайды. Бұл орайда Еркін Әуелбековтің орны да, жөні де бөлек.

Тағдыры тағылымға толы қайраткер жайлы парақтасаңыз, оның өмір өрнегі өнегемен өрілгенін байқайсыз. Себебі кейіпкеріміз қылышынан қан тамған Кеңестер Одағы тұсында Көкшетау, Қызылорда, Торғай облысын басқарып,

іскерлігі мен батыл шешімдерінің арқасында тұтас халық үшін мақтан тұтар ардақты азаматқа айналды.

Ол бала кезінен сабаққа зерек болып, Мәскеудегі жоғары оқу орнын қызыл дипломмен аяқтаған. Бар-жоғы 25 жасында шаруашылық жұмысына араласып, білім-білігін көпшілікке танытуы еңбекқорлығының жемісі іспетті. Мұнан кейін қайраткер қызметтің қай сатысында жүрмесін мәселені мемлекеттік деңгейде ойлады, сол деңгейде шешті. 1961 жылы Солтүстік

Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды, содан соң облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына жоғарылатылды, көп ұзамай облыстық атқару комитетінің төрағасы болып бекітілген. Лауазымды қызметтерді мінсіз атқарып, салауатты да салықалы қалпынан айнымаған Еркін Нұржанұлының тұлғасынан парасат-пайымы мен байыпты іскерлігі сезілгенін естиміз. Орда бұзатын отыз жасқа жаңа толған Еркін Әуелбековті бұдан кейін Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары етіп тағайындаған. Тың игеру жылдары, әсіресе солтүстік облыстардағы кадр саясатының бұрмалануы, келімсектердің лауазымды қызметтерге оңды-солды жаппай тағайындалуы кезінде оның тегеурінді іс-әрекеті екінің бірінің қолынан келе бермейтін батылдық болатын. Өзінің бастығы, министр Моторикамен иық қағыстыра жүріп Еркін Нұржанұлы қиқар мінезді министрді дегеніне көндіре білуі

тәжірибелі маман екенін аңғартатындай.

Сол жылдары солтүстік облыстардағы жағдай сын көтермейтін халге жеткені де тарих беттерінде. Мұндай келеңсіз көрініс республиканың бірінші басшысы Димаш Қонаевтың назарынан тыс қалмаған. Осылайша Көкшетау облыстық партия комитетіне бірінші басшыны тағайындау кезінде Дінмұхамед Ахметұлы басшылық қызметтің түрлі сатысында ысылып үлгерген Әуелбековке ұсыныс жасаған. Бұл кезеңдерде Еркін Нұржанұлы облыстық экономикасы мен ауыл шаруашылығын республикадағы алдыңғы қатарлы аймақтардың қатарына қосты, ұлттық кадрлардың білім алып, қызметінің өсуіне үнемі қамқорлық жасап отырды. Дикандар арасынан үздік жетістіктерге жеткен қазақ жігіттеріне Социалистік Еңбек Ері атағын алуына да септігін тигізді. Адал еңбекті Леонид Ильич Брежнев те, республиканы ұзақ жылдар басқарған Дінмұхамед Қонаев та байқаған, соған орай олар әділ бағасын берген де. Қырық беске келген шағында Еркін Әуелбековке ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы табысталған. Ал мұндай жаста бұл атаққа республикадағы обком хатшыларының бірде-бірі жетпеген еді.

Мұнан соң Еркін Әуелбеков алдымен артта қалған Торғай облысын көтеруге жіберілсе, екі жыл толар-толмастан «Қызылорда облысының экономикасы мен әлеуметтік саласын көтеру үшін» деген ұсыныспен Сыр өңіріне тұрақтаған. Қиындықтан қаймықпайтын қайраткер бұл жылдары өзекті проблемаларды уақытында көтеріп, аяғына дейін жеткізе орындаған. Мысалы, біздің өңірдегі кейбір фрагменттерге тоқталсам. Біріншіден, ел үшін ерен тұлға Қазақстанда бірінші болып Арал теңізі мәселелерін көтеріп, оны жалпы мемлекеттік және халықаралық дәрежеге жеткізді. Арал теңізі туралы СССР Министрлер Кеңесінің


Қаулысын қабылдауға мұрындық болды. Қызылорда облысының әлеуметтік жағдайын жақсарту және экономикасын жедел дамыту туралы КОКП ОК, Қазақстан КП Орталық Комитетінің, КСРО Министрлер Кеңесінің бес бірдей құжатын шығартты. Шөл және шөлейт өңірлерде тұратын басқа облыстар әлдеқашан алып жүрген айлық, зейнетақыларына 15 пайыздық қосымшаны Еркін Әуелбеков келісімен қолға алғаны да ел есінде. Осы 15 пайызды жұрт осы кезге дейін «Әуелбеков пайызы» атап жүр.

Осылайша беделі зор, абыройы биік Ер-ағаға Президент кеңесшісі қызметі ұсынылған. Ел арасында Әуелбековтің жұмыс істеу стилі, қарапайымдылығы, халықтан өзін жоғары санайтын талай бюрократ басшыларды тәубесіне келтіріп, сабасына түсіргені аңыз. Бірге қызметтес болған азаматтардың қай-қайсысы да Еркін Нұржанұлының жаны мен арының тазалығын бағалап, мойындайтынын айтады. Қынжылтатыны, ол кісінің өскен ортасы, өмірбаяны туралы ешбір еңбекте кеңінен жазылмаған екен. Энциклопедиялық анықтама кітаптарда қысқа жазылған ресми мәліметтер ғана бар.

Ал біз маңызды детальдарды жинақтап, бүге-шүгесіне дейін жас буынға насихаттауымыз керек деп білемін. Себебі Еркін Нұржанұлы секілді парасатты, адал азамат, алғыр тұлғаға қатысты қандай дерек болмасын құнды. Оның ұлттық тарих пен құндылықтарды сақтай білетін азаматтық бейнесі барша жұрттың жадында сақталатыны анық.

**Майра СЕРІКБАЙ,
Е.Әуелбеков атындағы дарынды
балаларға арналған
№4 облыстық мектеп-
интернатының оқытушысы**

Табиғатты кім қорғайды?



Әлемде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер кітабы – «Қызыл кітап». Ұлы ақын Қадыр Мырза Әли атамыз «Қызыл кітап – тірі жан тимесін деп хайуанатқа берілген қызыл мандат» деп айтып кеткен еді. Өкініштісі, бүгінде дала тағысы – қызыл қасқыр, қара күзен, қабылан және кейбір тау арқарларын енді қазақ жерінен жолықтыра қоюыңыз екіталай. Өйткені бұл жануарлардың Қазақстан жерінде кездескені жайлы соңғы елу жылдан бері бірде-бір дерек тіркелмеген.

Деректерді парақтасам, 2016 жылы 6 арқар, 12 қарақұйрық ауланса, 2017 жылы 3 арқар, 113 қарақұйрық атып алынған. Ал 2018 жылы 2 арқар, 19 қарақұйрықты заңсыз ату дерегі тіркелген. Жойылып бара жатқан түрге жататын ителгі мен сұңқар құстарын аулау да толастар емес. 2016 жылы 25 ителгі, 2018 жылы 23 сұңқар, 7 ителгі құсы заңсыз шетел асқан. Зоолог мамандардың айтуынша, өзен көмшаты, қара кірпі, ала жертесер, аққұйрық, үлкен мықи, тұрымтай, жұмбақ шыбыншы, өсем шымшық түрлері популяциялары мөлшерден тыс көбейгендіктен «Қызыл кітаптың» үшінші басылымына енбей, тізімнен шығарылған.

Бұған қоса аңды заңсыз ату деректері де ашық ақпараттарда кездеседі. Мұндай факт жиі тіркелетін аймақтың көшін Батыс Қазақстан бастаса, одан кейінгі орынға Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстары жайғасқан. Мұндай заңсыздықтан Алматы мен Қарағанды облыстары да құралақан емес. Сирек кездесетін жануарларды аулағаны үшін Қылмыстық кодекстің 337-бабына сәйкес

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу көзделген. Болмаса сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, 1200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Сонымен қатар заң бұзушыға Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін айқындау әдістемесі қолданылады. Алайда, заң браконьерлерді ауыздықтауға дәрменсіз.

Ғылыми-техникалық прогресс адамдардың қолына табиғат әлеміне әсер ететін күшті құралдар берді. Бұл құралдар қаншалықты пайдалы болса, соншалықты қоршаған ортаға зиян. Адамдар көбінесе кейде түсінбей, кейде немқұрайлықтан табиғатты қалпына келтіру үшін ұзақ уақыт қажетін ойламайды. Сыңсыған орманның орнындағы жанған түбірлер, су шайып өткен тау беткейлеріндегі жыртылған жерлер, ағаш ағызу кезінде ластанған өзендер. Осының бәрі сирек кездесетін көптеген бағалы аңдар мен өсімдіктердің жойылуына әкеп отыр. Түбіне өзіміз балта шапсақ, табиғатты кім қорғайды?

**Ғазиза
ЕРЛАНОВА,
№ 5
мектептің
оқытушысы**

Әжеме

*Екі әжем бар, өзгермейтін әлемі,
Барлық басқа әжелерден өдемі.
Әжелерім ауырмасын әрдайым
Әулетімнің отанасы, сәні еді.
Жүлделі бол, қайтсам бәрін таң қылып,
Ақ батасын жатады ылғи жаудырып.
Әжелердің дұғасымен дүниеде,
Биіктерді бағындыру заңдылық.*

**Әділхан Серікбай,
Ж.Нұрсейітов атындағы
№ 233 мектептің 3-сынып оқушысы**

Бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру жөнінде Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазір әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және экологияның қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Жастар және Ұлттық спорт

Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Оны насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдықты анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Сондықтан балаларды ерте жастан салауатты өмір салтын қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыру керек.

Ұрпақ саулығы – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет ел-ауқатының дамуына мұрындық болады. Қазақ спортын, атақты чемпиондардың жеңісін насихаттау, ұлттық спортты ұлықтау, ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастыру күн тәртібінен түспеу керек.

Телеарнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» секілді спорттық, ұлттық ойындар сайысын сыныпаралық топтық сайыс түрінде өткізу де жастардың санасына ұлттық мәдениетімізді сіңіретін еді деген ойдамын.

**Сәбит ТАЙЖАНОВ,
Қызылорда жоғары
көпсалалы колледжінің
оқытушысы**





Жәнібектің жаңа қарсыласы кім?

Бүгінде әлемдік бокс аренасында қазақ есімдері жарқын естілуде. Әсіресе, Геннадий Головкиннен кейінгі жеңіс жол бастаған Жәнібек Әлімханұлының алар орны мен салмағы алабетен. Орта салмақта WBO нұсқасы бойынша әлем чемпионы атанған жерлесіміз енді кезекті қарсыласын іздеуде. Жуырда ол Куба қабыланы Эрисланди Лараны жекпе-жекке шақырып, желіні шулатқан болатын. Осы орайда қазақ батырының қарсыласы болуы ықтимал Эрисланди Лара мен Жәнібектің жетістігін спортсүйер қауым назарына салуды жөн көрдік.

Қазіргі таңда Эрисландидің жасы 40-қа таяп қалды. Ол 1983 жылдың 11 сәуірінде Кубаның Гуантанамо қаласында дүниеге келді. Әуелі әуесқойлар арасында өте жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Атап айтсақ, 2005 жылы Қытайдың Миньян қаласында 69 келі салмақ дәрежесінде жұдырықтасып, әлем чемпионы атанды. Сол жарыс барысында Лара украиналық Сергей Деревянченко (30:9), үндістандық Вижендер Сингх (таза жеңіс), Андрей Баланов (28:16), америкалық Мэлсон Бойд (таза жеңіс), қазақ Бақтияр Артаев (31:22) және белоруссиялық Магомед Нуриддинов (24:9) сынды дүлдүлдерді еш күмәнсіз жеңді.

2005 жылы Мәскеуде өткен Әлем кубогінде Куба құрамасы екінші орынды иеленгені белгілі. Сол команданың сапында Эрисланди Лара да өнер көрсетті. Бостандық аралының өкілдері жартылай финалда Қазақстанның боксшыларынан басым түсті. Сол кезде Лара Бақыт Сәрсекбаевты (39:22) сан соқтырған еді. Кейіннен ол Орталық Америка ойындары және басқа да аса ірі халықаралық турнирлерде жеңіс тұғырына көтерілді. Сөз орайы келгенде түрлі байрақты бәсекелерде кубалық боксшы біздің Бақтияр мен Бақыттан бір емес бірнеше мәрте жеңілгенін де айта кеткен абзал.

2007 жылы Бразилияда алауы тұтанған Панамерика ойындары кезінде Эрисланди өзінің даңқты отандасы, Олимпия ойындары мен әлем чемпионаттарын екі реттен ұтқан Гильермо Ригондомен бірге АҚШ-қа қашуға әрекет етеді. Бірақ олар жергілікті полицияның қолына түсіп,

Кубаға қайтарылды. Келесі жылы аталған боксшы қайта тәуекелге бел буды. Бұл жолы Лараның жолы болды. Бірер уақыт Германияда тұрақтайды да, көп кешікпей Америкаға аттанады.

АҚШ-қа жеткеннен кейін кәсіпқой рингте күш сынаса бастайды. 2008-2022 жылдар аралығында барлығы 35 кездесу өткізген Эрисланди 29 рет жеңіс тойын тойлады. 16 бәсекеде айқын басымдық танытты. Ол тек Пол Уильямс (2011 жылы), Сауль Альварес (2014 жылы) және Джарретт Херттен (2018 жылы) ғана ұпай санымен ұтылды. Тағы үш тартыста тең есеп тіркелді. Өр кездері Лара түрлі белді нұсқалар бойынша алтын белбеуді иеленді. Қазіргі кезде WBA-ның тұрақты чемпионы. Өзінің соңғы жекпе-жегін Эрисланди Лара былтырғы жылдың мамыр айында ирландиялық Гэри О'Салливанға қарсы өткізіп, оны сегізінші раундта ұрып жықты.

Ал Жәнібектің жүріп өткен жолы жанкүйерлердің көз алдында. Ол да әуесқой рингте толағай табысқа жетті. Әлем және құрлық чемпионы, Азия ойындарының жеңімпазы атанды. Кәсіпқойлар арасында 13 кездесу өткізіп, барлығын жеңіспен аяқтады. Сегіз қарсыласын нокаутқа жібереді. Бұл күндері WBO нұсқасының алтын белбеуін иеленіп отырған қазақтың қайсар ұлы енді орта салмақтың абсолютті чемпионы атануды көздеуде.

Қазақ батырының жұдырық түйістіруге ниетті қарсыласы жалғыз Эрисланди Лара емес, Ол жақында екінші орта дивизионға көтеріліп, мексикалық Сауль Канело Альвареске қарсылас болуға дайын екенін

мәлімдеді. Спортсүйер қауымға Канелонның есімі мен Геннадий Головкиннің кеткен есесі жақсы таныс болар. Жәнібек те сол есені қайтаруға ниеттенген секілді. Ол өзінің Twitter әлеуметтік желісінде мынадай жазба қалдырды:

«Биыл үлкен жекпе-жектер ұйымдастыруға тырысамын. Ал егер маған ондай мүмкіндік бермесе, 2024 жылы 168 фунтта Канелоға міндетті қарсылас боламын. Мұның мүмкін екенін бәрі біледі. Бұйыртыса келесі жылы екі салмақта чемпион атанамын!» – деді чемпион.

Жалпы Жәнібек Әлімханұлының ой-мақсаты тым әріде. Әлемдік атақ пен кәсіби мансаптағы жарқын жетістікке жылдам қол жеткізсем деп топшылайды. Бұл орайда аталған спорт түрінің «жұлдыздарымен» жұдырықтасу ең тиімді тәсіл екенін де естен шығарған емес. Сондықтан кезекті жеңістен соң ол өзі туралы нық сөйлеп, мықтыларды қарсылас болуға шақырды:

«Бокс чемпиондары мен супержұлдыздары, қайдасындар? Мен сендерді нокаутқа түсіріп келеді! Мен күтіп жүрмін, келіңдер айқасайық! Менен боксшылардың бәрі қашады! Мен – орта салмақ патшасымын! Мен – Qazaq Style. Келіңдер жекпе-жекке!» – деген болатын Жәнібек.

Иә, талабы мен бабы келіскен қазақ спортшысының алар асуы алда. Жәнібек әлемдік додаларда жойқын соққымен қатар қайталанбас бокстасу өнерімен жаңалық енгізуге құмар. Сондықтан, Qazaq Style әлі талай бәсекеде биік болары сөзсіз.

АУЫР АТЛЕТИКАДАН ЧЕМПИОНАТ



«Евразия» спорт кешенінде ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасында жеке командалық және жекелей жаттығулар бойынша ҚР чемпионатының ашылу салтанаты өтті.

Жарысты облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов ашып, чемпионаттың жылда Сыр өңірінде өтуі өңір үшін үлкен мәртебе екенін атап өтті. ҚР Ауыр атлетика федерациясының бас хатшысы Алдияр Нұралинов ауыр атлетиканың еліміздегі рөлін айтып, барша қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ауыр атлетикадан төрт дүркін әлем чемпионы Илья Ильин Қызылорда облысын «Ауыр атлетиканың астанасына» теңеп, елімізде спорттың осы түрінің дамуына барынша атсалысатынын айтты.

Айта кетейік, жарысқа Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен еліміздің 13 облысынан 16 команда, 190 спортшы жұлделерді сарапқа салуда. Чемпионат 16 наурызға дейін жалғасады.



ГОЛОВКИН ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН БАС ТАРТТЫ

Геннадий Головкин кубалық Эрисланди Ларамен кездесуден бас тартып, WBA тұжырымы бойынша чемпиондық белдігін қайтарды.

Бүкіләлемдік бокс қауымдастығы қос мықтыны жекпе-жек өткізуге міндеттеп, келіссөздерге 15 күн берген болатын. Нәтижесінде Головкин промоутерлік саудаға қатыспады. Сәйкесінше чемпиондық белдік енді жекпе-жексіз Лараға беріледі. Ал Головкин болса 1 айдың ішінде 2 бірдей титулынан айырылып отыр. Осының алдында тағы бір кубалық Эскиво Фалькаомен де кездесуге келіспей, IBF тұжырымы бойынша чемпиондық белдігін босатқан болатын. Енді жерлесіміздің қолында бір ғана атақ қалды. Яғни, ол қазір – IBO тұжырымы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы.

Айта кетейік, Головкин быыл 41 жасқа толады. Бүгінге дейін кәсіпқой рингте 45 кездесу өткізіп, 42-сінде жеңіске жетті. Ал күні кеше бас тартқан белдігін жапониялық Риота Муратаны жеңу арқылы иеленген болатын және оны бірде-бір рет қорғамады.

ҚОРЖЫНДА ҚОС АЛТЫН



Спорттық гимнастика бойынша Әлем кубогының кезекті, яғни үшінші кезекті жерлестеріміз үшін жемісті болды.

Байрақты бәсекені бұл жолы Әзірбайжан астанасы Баку қаласы қабылдады және оған 32 елдің өкілдері жиналды. Араларында жерлестеріміз де бар. Әсіресе Милад Карими еркін жаттығуда 14,200 ұпай жинап, барлық қарсыласынан оқ бойы озат шықты. Екінші орын Украина, үшінші орын АҚШ спортшыларына бұйырды.

Артынша тағы бір қазақстандық Нариман Құрбанов та сәтті өнер көрсетіп, жалпы есепте топ бастады. Ол атпен жаттығу бәсекесіне қатысқан болатын және соңғысында 15,300 ұпай еншіледі. Күміс медалды ирландиялық Рис Макклэнахан, ал қоланы албаниялық Матвей Петров жеңіп алды.

Баланы алғашқы қадам жасағаннан-ақ қолына семсер беріп, шайқасуға үйрететін. Ал қазір бұл көпшілік қызыға тамашалайтын спорт түріне айналғаны анық көрінеді.

Байқап қарасаңыз, бұл спорттың ережелерін лезде қағып алу қиынның қиыны, себебі тек техника емес, мұнда

Бала кезінде батыр болғысы келетін қазақ балалары ағаштан қылыш жасап, семсерлесіп ойнайды. Жалпы, семсерлесу – жауынгерлік спорт түрі. Оның нақыштары қанымызда бар. Ол ғасырлар бұрын бірнеше мемлекетте спорт емес, міндетті дисциплина саналған еді.

спорттың ере-сектерге арналғанын естен шығармау қажет. Керемет жеңіс тек 18 жасқа жеткен кезде ғана болуы мүмкін. Оған дейін осы спортқа деген махаббаты ерекше жандар барлық

Семсерлесудің де жекелей және командалық сындары болады. Ал Олимпиада ойындарына қыздар арасындағы семсерлесу спорты 2000 жылы енді. Жасыратыны жоқ, біздің облыста бұл спорт түрі кенже қалды. Жастардың бірі мектепке дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып, қызметке ойысса, екіншісі басқа спорт түрінен жаттықтырушы болуды таңдайды. Бірақ елімізде жасөспірімдер

СЕМСЕРЛЕСУ – СПОРТ ЕМЕС, ДИСЦИПЛИНА

тұнған философия жатыр. Алғашқы үйрету сабағында-ақ тарихқа саяхат жасап, ерекше экипировкамен және әртүрлі қару-жарақпен танысуға мүмкіндік.

Бұған қоса жаттықтырушылар семсерлесу өзін-өзі ұстауды, көптің көзінше эмоцияны шығармауды үйрететінін айтады. Стресті жағдайларда үрейді жеңуге ықпал ететіні тағы бар. Ең қызығы, семсерлесу жарақат алу қаупі төмен спорттың бірі. Дегенмен бірқатар шектеулер бар. Көз жанарында кемшілігі бар және көзі ауыратын балалар, қимыл-тiрек аппаратында проблемасы бар жандар, ішкі құрылысында созылмалы дерттер және демікпесі бар балаларға семсерлесумен шұғылдануға болмайды. Сонымен қатар бұл

ауыртпалығына төтеп беріп, шыдамдылықпен жаңа шыңды бағындыруға дағдыланады.

Жалпы, қазақтың жамбасына оң келетін спорт түрі алғашқы

Олимпиада ойындарының бағдарламасына еніп, даму жолын тапты. Бірақ қазақ даласында батырлықтың бір белгісі болған семсерлесу 1939 жылы қайта жаңғыруды бастады. 1950 жылдан бастап жасөспірімдер арасындағы алғашқы ел біріншілігі өтті. Спорттың қыр-сырын меңгерген ел спортшылары алдымен Азия, одан кейін Әлем чемпионатында өнер көрсете бастады. Бұл спорттың ережесі де қатаңдау. Сайысу мерзімі алты минуттан аспайды.

НЕЙРОЖҮЙЕ: СМАРТФОН ОЙЫҢДЫ ОҚИ МА?

– Қолымыздағы смартфон кейде бізді еститіндей көрінеді. Қазір барлық адам телефонның қызметіне жүгінеді. Жасанды интеллект телефон тұтынушысы не көреді, не оқиды, не жайлы сөйлесетіні туралы ақпарат жинайды. Оны саралап, шешім шығарады. Соған байланысты жарнама көрсетеді, тауарды алдыңызға алып шығады. Әлеуметтік желілерде сол тақырыптағы жазбаларды шығарады. Міне осындай ерекшелігі бар. Кейде адам өзіне қажетті дүниені айтпай, іздемесе де, жасанды интеллект интернеттен көретін, оқитын дүниелеріне сараптама жасап, осы адамға керек-ау деген дүниелерді дайындап қояды.

Жасанды сананың жетістігі жыл санап артып келеді. Оның адамның өзінен ақылды, адамның өзінен епті бола бастағаны таңдандырады. Автоматтандырудың өмірді жақсартуы, смартфонның іздеген дүниенді алдыңнан шығарып беруі де жаңалық емес. Оның үстіне сарапшылар жасанды интеллектті дұрыс пайдаланса, адамзатқа кері әсері жоқ деген пікірде.

Сол себепті де ол біздің ойымызды оқығандай көрінеді, – дейді Google корпорациясының Қазақстандағы агенті Нұржол Табиғат. Нұржол нейрожүйені Google компаниясы қалай қолданғанын да тарқатқан. – «Бұған дейін Google-дің операциялық жүйесімен жұмыс істегенде көптеген жүйе автоматтандырылғанын көретінбіз. Ол шешімдерді, деректерді өзі қабылдай беретін. Қарапайым SEO-ны алсақ та, 10-15 жыл бұрын ол белгілі бір алгоритммен жұмыс істейтін. Кейін ол жасанды интеллектке көше бастады. Адамдардың мінез-құлқына қарай өзгере бастады. Оны саралап, халыққа ұсына бастады. Мәселен, миллиардтаған жарнама берушілер бәсекелеседі. Оның барлығын ретке келтіретін де осы жасанды интеллект болып саналады. Себебі қарапайым жүйе өзі шешім қабылдай алмайды. Ал шешім қабылдап, ақылмен жәрдемдесіп отыратын, реттейтін – жасанды интеллект, – дейді маман.

Бұған қоса жасанды интеллекттің жылдам дамуымен кейбір мамандықтар мәңгіге жойылып кетуі мүмкін деген қауіп бар. Жақында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша нарықтағы жетекші 1000 компанияның жартысы жұмысында Chat GPT қолданатыны белгілі болды. Олардың тең жарымы қызметкерлерін

жасанды интеллектпен алмастыру мүмкіндігін қарастыруда.


Chat GPT деген не және ол несімен ерекше? Ол кез келген сұраққа жауап беруімен таңғалдырады. Керек десеңіз, өлең мен сценарий жазуға да қауқарлы. Мысалы, код жазу үшін операцияны немесе процесті қалай орындау керекін айтады, кодты бір бағдарламалау тілінен екіншісіне аударады. Сондай-ақ жауаптарының сапасы Google іздеушіден жоғары. Осы уақытқа дейін Google-ден асқан білуші жоқ сияқты еді, Chat GPT одан асып түсті. Екі айда оны қолданушылар саны 100 миллион адамнан асқан деген дерек бар.

Бұдан бөлек, DALL-E2 атауымен танылған, 90 пайыз дәлдікпен жұмыс істейтін жасанды интеллект бар. Ол – кескіндеме салатын жасанды ақыл. Мысалы, өзіңіз қалаған кескінді салдыру үшін сипаттап жазасыз. Ол сіздің тапсырмаңызға орай бұрын-соңды ешкім салмаған сурет салып береді. Біз DALL-E2-ге «үй» деп жазып едік, түсініксіз суреттер шығарып берді, «дом» деп жазып едік, небір коттеждерді салды. Суретті санаулы минутта ғана бейнелеп үлгерді. Аталған жасанды интеллекттілер әзір қазақша түсінбейді. Көбіне ағылшынша, орысша тапсырма беруге тура келеді. Мәселен, жақында қазақ қызының суретін DALL-E2 «салып» берді. Қарап отырсаңыз, адам жасаған коллаждан еш айырмашылығы жоқ. Бір қызығы, суретті салуға кім тапсырма берсе, сол адам оның авторы болады. Бірақ DALL-E2 кез келген суретті сала бермейді. Қоғам қайраткерлері мен атақты адамдардың сыртқы келбетін пайдаланатын портреттерді жасаудан бас тартады.

Ал No-code және Low-code және нәлдік код – мобильді қосымшаларды, блогтарды, мәліметтер базасын және басқа өнімдерді код жазбай-ақ жасау технологиясы. Ол бағдарламалау тілі мен дағдыны білуді қажет етпейді. Неге десеңіз, көп компанияда қажетті алгоритмдерді жасай алатын жасанды интеллект инженерлері жетіспейді. Кодсыз жасанды интеллект жүйелері әртүрлі дайын модульдерді біріктіріп, оларды доменге тән деректермен қамтамасыз етіп, смарт бағдарламалар жасауға мүмкіндік береді. Яғни No-code және Low-code қызметтерінің жұмысы шаблондар мен дайын блоктарға негізделген. Олардың көмегімен кез келген элементті жасай аласыз. Осы жасанды интеллект арқылы интернет-дүкендер, блогтар мен медиа, мәліметтер базасы, мобильді қосымшалар, қызметтер, чат-боттар, қарапайым ойындар құрастырып, жасауға болады.

Мына жаңашыл ақпараттан кейін жұмыстың бәрін бот жасап жатқанда адамдар не істемек деген ой келеді. Жұмыссыз қарап отыруға тағы болмайды. Енді адамдар мидың жұмысын арттыра түспек. Ал мидың мүмкіндігі шексіз...

А.СЫРЛАН



АЯҚ КИІМГЕ АРНАЛҒАН SPA

Қалада аяқ киім шеберханасы көп. Халық арасында «ескі базар аумағы» аталып кеткен көше бойынан да өз ісінің мамандарын таба аласыз. Ал аяқ киімді химиялық тазалаудан өткізіп, оны су жаңа кейпінде қолыңызға ұстататын мамандар аз. Мұның орнын қала орталығынан ашылған аяқ киімге арналған Spa орталығы толтырды. Жақында жаңашыл бастаманы қолға алған Бағдат Сайымұлымен тілдесіп, жаңа орталықтың жаңалығымен таныстық.

– Еуропа мен АҚШ-та аяқ киімді кәсіби тазалауға сирек жүгінеді екен. Ресейде де бұл кәсіп өзекті емес. Қазақстанда, соның ішінде біздің өңірде бұл кәсіп «шики бизнес» күйінде қалмады ма? Ерекше идея қайдан келді, «Fresh» орталығында қандай қызмет түрлерін ұсынасыздар?

– Аяқ киімді химиялық тазалау – бұл ноу-хау. Сондықтан кәсіпті креативтен бастағым келді. Бұған қоса өңірде бұл бизнес түрін қолға алғандар аз, бәсекелестік те жоқ. Қазір әлеуметтік желілерде парақша ашып, қызмет түрлерін кеңірек ақпараттандыруға тырысамыз. Орталықта экспресс тазалау, тереңдетілген тазарту, аяқ киімді бояу, жөндеу жұмыстарының барлық түрі жүргізіледі. Атап айтқанда, желімдеу, өкше қағу, табан ауыстыру, өкшелік тігу, ілгек тігу. Сондай-ақ аяқ киімдегі жағымсыз иісті кетіріп, дезинфекциялау қызметі де ұсынылады.

– Парақшаларыңызда барлық сауал жауапсыз қалмайтынын байқадық...

– Бүгінде инстаграм желісінің мүмкіндігі орасан. Ол бизнесті ілгерілеуге бір қадам жақындатады. Сондықтан көштен қалмай, күнделікті жұмыс барысын, жаңа қызмет түрлерін ақпараттандырып отырамыз. Біз үшін барлық тұтынушы маңызды. Олардың ұсыныс-пікірлерін ескеруіміз қажет деп ойлаймын. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген бар ғой...

– Тұтынушы қатарын арттырудың тиімді жолы – жеңілдік ұсынып отыру. Сіздерде келушілерге қандай мүмкіндік қарастырылған?

– Жеңілдікті жиі жасауға тырысамыз. Осыған дейін 2+1 (екі толық тазартуға бір экспресс тегін), 1+1=3 (екі толық тазартуға үшіншісі тегін) сияқты жеңілдіктер болды.

– Ендігі бағаға тоқталсақ. Қалтаға қонымды ма?

– Әрине, сапаға мән береміз. Аяқ киім қымбат болған сайын оның жауапкершілігі де артады. Фирма талғамаймыз, кез келген брендтегі аяқ киімді жуып-тазалау тәжірибемізде бар. Тапсырыс аларда аяқ киімнің сол кездегі жағдайына, тазартуға (жөндеуге) келе ме, жуғаннан өзгеріске ұшырай ма, бояу қабылдай ма деген сияқты жайттарға, әрбір ұсақ-түйекке мән береміз.

– Қанша маман қызмет етеді?

– Шеберханамызда тапсырыс қабылдап, қоңырауға жауап беріп отыратын администратор, тазалық шебері, жөндеу шебері және бояушы маманы жұмыс жасайды. Дәл қазір қолданыста аяқ киім кеңейткіш, бұмен тазату құралы, озонатор, кептіру кабинкасы, тігін машинасы сияқты құрылғылар бар.

– Бір күнде қанша тапсырыс түседі?

– Бір күнде жиырмадан аса тапсырысты орындаймыз. Тапсырысты 3 немесе 4 күнге алып қаламыз. Оның жылылуы, кебуі, жөндеу жұмыстары, бояу осы шамадағы уақытты қажет етеді.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Өңгімелескен Мөлдір САБЫРЖАН



Тоқты

Апта жағымды жаңалық пен қуанышты оқиғадан басталады. Уақытыңызды жақындарға арнау үшін жұмыс барысында жауапкершілік артадан аулақ болыңыз. Күнделікті жоспарды қадағалап, өткен күнді ой елегінен өткізуді әдетке айналдырыңыз.

Торпақ

Жаңа аптада керемет мүмкіндік күтіп тұр. Жуық арада өзіңіз жоспарлаған саяхатқа жолға шығасыз. Сол үшін жұмыста белсенділікті арттырған абзал. Аптаның екінші жартысында кейбір жандарға қатысты ойыңыз өзгеріп, жақын адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосасыз.

Егіздер

Ұсақ-түйекке бола жүйкеңізді жұқартпаңыз, қиындықтың барлығы аз уақыттың ішінде шешімін табады. Бұл аптада сәтті қадамдар жасалады. Таңғаларлық оқиға, күтпеген жағдай орын алуы мүмкін.

Шаян

Апта жаңа таныстық үшін өте қолайлы. Жаныңызға жақын жанмен алдағы күндерге жоспар құрасыз. Осы тұста кедергіні жеңуге жәрдемдесетін адамдар пайда болады. Бастысы отбасыңызға көңіл бөлуді ұмытпаңыз.

Арыстан

Шығармашылық қабілетіңізді көрсететін орайлы уақыт. Өте маңызды істе жолыңыз болады. Ол үшін уайымға берілмей, тек сол іске ден қойыңыз. Қаржылық мәселе де жылдам шешіледі. Бастысы шынайы қалпыңызды жоғалтпаңыз.

Бикеш

Аптада көптен армандаған тілегіңіз орындалады. Өзіңізді бақытты сезініп жүресіз. Бұрын қолға алуға қаймыққан істерді қайта жандандыруыңыз мүмкін. Әрі жаңадан кәсіп бастауға орайлы мүмкіндік туып тұр.

Таразы

Күтпеген кездесулер орын алып, іскерлік қарым-қатынастағы шаруа оңтайланбақ. Сол үшін басыңыздан өткен жағдайды дұрыс бағамдаңыз. Аптаның жарқын тұстарын қызықты өткізсеңіз, көмескі тұстары сізге кері әсер етпейді. Әр күнді жақсылықпен әсемдеп, қуанышты өткізу өз қолыңызда екенін ұмытпаңыз.

Мерген

Бұл аптада шығын көлемі азайып, біршама қарыздан құтыласыз. Жоспарыңызға қатысты өзгеріс енгізсеңіз, қолға алған жаңа жобаның нәтижелі болмақ. Бастысы ұсақ-түйекке мән бермей, ірі жобаларға көңіл бөліңіз.

Сарышаян

Маңызды шаруаларды апта аяғына қалдырыңыз, сонда тепе-теңдік орнап, бәрі оңай шешіледі. Аптада жаттығу жасаған пайдалы. Жұлдыздар таза ауада серуендеуге, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға кеңес береді.

Тауешкі


Күтпеген қиындықты тез әрі оңай шешесіз. Ұнжырғаңыз түспесін. Бастысы өзіңіз дұрыс деп тапқан жолдан айнымаңыз. Көптеген адамға жақсы әсер қалдырып, олардың өміріне өзгеріс әкелуіңіз мүмкін.

Сұқұйғыш

Аптада сәтті кездесу мен табысты шешім күтіп тұр. Осы уақытқа дейін көп күш жұмсаған істі де абыроймен аяқтайсыз. Бастысы өзіңізге және болашаққа деген сенімді жоғалтпаңыз. Апта бойы көңіл-күйіңіз көтеріңкі жүреді.

Балық

Апта біршама қызықты идеяға толы болады. Оны тезірек жүзеге асыруға тырысыңыз. Үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін көп еңбектену қажет. Ал бұл апта іскерлік байланысты нығайтуға қолайлы.



Көзкеші редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 432